



Magzhan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауқанының газеті ● 2008 жылғы II шіңберінен шығады ● № 33 (780) 17 тамыз 2023 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi https://vk.com/Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ОРАҚ - 2023

ЕЛІМІЗДЕ КІТАПХАНАШЫ- ПЕДАГОГ МАМАНДЫҒЫ ПАЙДА БОЛАДЫ

Кітапханашы мамандығында оқытындар жаңа саланы игеріп шығады.

«Кітапханашылардың жалақысын өсірумен қатар аталған мамандыққа жаңа мазмұн беру керек деп ойлаймыз. Кітапханашы тек кітап қорын түгендеп, оны оқырманға тауып беретін ғана емес, жан-жақты болуы керек. Мысалы, кітап іздеп келген балалар мен жастарға бағыт бағдар бере алуы тиіс. Сонымен қатар IT мамандарды да кітапхана саласына тарту маңызды», - деді Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова «AMANAT» партиясы алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

Халық қалауысының айтуынша, отандық кітапхана саласы мемлекеттік қолдау мен ілгерілетуді қажет етеді.

«Елімізде алдағы уақытта кітапханашы мамандығына тапшылық туындайтын ескере отырып, біз грантты 30%-ға арттыруды сұрадық. Бұл мәселе биылғы оқу жылында шешілді. Талдау нәтижесі көрсеткендей, алдағы 3 жылда 6 200 кітапханашы тапшы болмақ. Келесі мәселе – кітапханашы-педагог немесе педагог-кітапханашы деген мамандық ашу. Бұған қатысты министрліктен қарастырып жатырмыз деген жауап келді», - дейді депутат.

Сондай-ақ брифингте кітапханашы мамандығына бөлінетін мемлекеттік гранттардың толық игерілмей қалатыны айтылды.

«Бүгінде елімізде 120 жоғары оқу орны бар. Оның ішінде 14-і – әскери және арнайы оқу орындары. Кітапханашы-педагог мамандығы бойынша реестрден өткіздік. Аталған жаңашылдықты бийлдан бастап жүзеге асырайын деп отырмыз. Кітапханашы мамандығына биыл бақалавриатқа 100 грант, ал магистратураға 20 және докторантураға 3 грант бөлінді», - деді Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары білімнен кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Баным Нарбекова.

КІТАПХАНАШЫЛАР МЕН АРХИВ МАМАНДАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ 20% ӨСЕДІ



Биыл еліміздегі кітапханашылар мен архив ісі мамандарының жалақысы артады.

«Биыл кітапхана қызметшілері және архив ісі мамандарының еңбекақысын 20%-ға, 2027 жылға дейін екі есе өсіру жоспарланып отыр. Бізге білім саласындағы кітапханашылар, мәдениет саласындағы қосалқы қызметшілер проблемаларын айтып хабарласты. Яғни олар жалақысы көтерілетіндердің қатарына кірмей қалған. Осы орайда аталған санаттағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын қалай көтереміз деген сұрақты талқылау үшін, бірнеше құзырлы органдардың өкілдерін шақырып отырмыз», - деді Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова «AMANAT» партиясы алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

Депутаттың есептеуі бойынша бүгінде 25 жыл өтілі бар кітапханашының жалақысы орта есеппен 140 мың теңге.

«Бұл жерде жалақыдан бөлек, жұмысшылардың еңбек демалысы, сауықтыруға арналған төлемдер де кіреді. Жалақы, әлеуметтік қолдау мәселелеріне келгенде, мәдениет және білім саласындағы кітапханашыларды қатар қарастыру қажет. Сонымен қатар қосалқы қызметшілерді ұмытпау керек, мысалы кітапханада жұмыс істейді, бірақ кітапханашы емес», - дейді ол.

Мәдениет және спорт вице-министрі Арман Жүдебаевтың мәліметінше, еліміз бойынша кітапханашылардың орташа жалақысы 125 980 теңге. Ал басшылық қызметтегілер 214 мың теңге маңайында жалақы алады.

МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАРҒА ШАЛҒЫ ТҮСТІ



Шаруаның жайын егінге орақ түскенде білеміз. Биылғы міндет – бытырығандан да артық өнім алу. Өткен жылы жаз жаңбырсыз болып, құрғақтылық орын алааны белгілі. Жаздың басы салқын, аяғы ыстық болып, оның үстіне жаңбырдың аздығы диқаншыларды біраз зұр-сарсаңға салды. Содан болар, биыл шаруашылықтар егін есу жұмыстарын аяқтай сала, бірінен соң бірі тасаттық беріп, Жаратқаннан жаңбыр сұрады. Одан қалды, берекесі түсіні деген ниетпен облысымызға, соның ішінде ауданымызға ардақты Лайығамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) бір тал шашы жеткізіліп, мұсылман қауымы жауын тілеу намазын оқыды. Зират басында құрбандық шалынып, құрбиалық жасалды. Осы игі істердің бәрі Алла Тағаланың шапағатына ие болып, жаздың жаңбырлы болуына септігі тигені хақ.

Енді орақ науқанына келер болсақ, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, ауданда 330,0 мың гектар алпаққа дәнді және бұршақты дақылдар егілген, оның 282,6 мың га - бидай, 32,6 мың га - арпа, 3,3 мың га - сұлы, 1 мың га - астық қоспасы, 2 мың га - жасымық, 5,9 мың га - бұршақ, 2,4 мың га - қарақұмық. Майлы дақылдарды жинау алаңы 90,9 мың га (9,4 мың га - құша, 7,4 мың га - рапс, 73,0 мың га зығыр, 1,1 мың га - күнбағыс) құрайды. Жемшөп

дақылдары - 37,0 мың га алпаққа себілген. Ал көкөніс дақылдары мен картоп алаңы - 2,5 мың га құрайды. Бүгінгі таңда «Чистовское» ЖШС алғашқы биылғы майлы дақылдарды орауға кірісіп, жоспарланған майлы дақылдардың 42%-ын шауып үлгерді. Сондай-ақ, «Полудинское» ЖШС, «ЖНВ» ЖШС, «Писаревское Агро» ЖШС, «Александровское» ЖШС, «Жетісу жер» ЖШС және басқалары орақ науқанын бастады. Қалған шаруашылықтар 7-10 күн ішінде астық

жинау науқанын бастауды жоспарлап отыр.

Жалпы орақ науқанына аудан бойынша 760 техника жұмылдыру жоспарланған, соның ішінде өнімділігі жоғары 346 комбайн, жемшөп жинайтын 20 комбайн, 559 тіркемелі дестелегіш, 291 жүк автокөлігі, Барлық шаруашылықтар жауапты кезеңге 100 пайыз дайын, сондай-ақ жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етілген.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚҰЖАТТАРҒА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУГЕ БОЛАДЫ

Енді қазақстандықтар eGov.kz «Электрондық үкімет» порталында өздері туу туралы куәлікке, аты-жөнін өзгертуге, неке қию және ажырасу, бала асырап алу және қайтыс болу туралы актілік жазбаларға өзгерістер енгізе алады. Жаңа қызмет жеткілікті негіздер болған жағдайда және мүдделі тұлғалар арасында дау болмаған кезде құжаттарға жоспарлы өзгерістер енгізуді (қате енгізілмеген өзгерістер) көздейді. Мысалы, атын, тегін, және өкісінің атын өзгерту.

«Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» жаңа қызметінің көмегімен актілік жазбаларға өзгерістер енгізу және құжаттарды қайта шығару үшін негіздемелерді көрсетіп, растайтын құжаттарды қосып өтінім беруге болады.

Қандай жағдайларда құжаттарға өзгерістер енгізуге болады:

- тегін және атын, өкісінің атын өзгерткенде;
- әке болу туралы сот шешімінің күші жойылғанда;
- некеде тұрмаған ананың туу туралы актілерді тіркеу бағаланың өкісі туралы мәліметтер енгізу жөніндегі өтініштің;
- егер азаматтық хал актісін тіркеу кезінде қателер (бұрмалаулар, мәліметтерді немесе жекеге не сөздерді тастап кету) жіберілген болса;
- азаматтық хал актілері жазбаларындағы қателер сот тәртібімен анықталғанда;
- некені бұзуға немесе некенің жарамсыз деп тануға байланысты ерінің (зайыбының) тегі өзгертілгенде;
- ұл (қыз) асырап алудың күшін жою немесе оның күші жоқ деп тану, сондай-ақ некенің күші жоқ деп тану туралы сот

шешіміне байланысты;

- ұлы өзгерген жағдайда;
- ата-ананың арасындағы некенің тоқтатылуына немесе некенің жарамсыз танылуына байланысты кемелетке толмаған баланың тегін өзгерткенде және т.б. (Толық тізіммен Ережеде танысуға болады)

«Біраз қазақстандық eGov.kz порталында актілік жазбаларға өз бетінше өзгеріс енгізуге болатынын біле бермейді. Мұнда Сіз туу туралы, неке қию туралы және некені бұзу туралы куәліктер секілді құжаттарға енгізілген өзгерістерді қоса алып, оларды қайта шығаруға өтініш бересіз. Мәселен, егер бұрын адамның тегін өзгерту үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына бару керек болса, қазір оны электронды түрде жасауға болады және ол үшін кезекте тұрудың қажеті жоқ», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин.

Аталмыш қызмет Электрондық үкімет порталының «Азаматтарға» - «Отбасы» бөліміне табуға болады. Азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуге өтініш беру үшін: - eGov.kz порталында авторизация-

- дан өтініз;
- қызметтің түрін таңдаңыз;
- куәлік беретін ХҚКО филиалын таңдау;
- отбасы жағдайы мен табыс көзін көрсетіңіз;
- актілік жазбаның нөмірі мен тіркелген күнін көрсету, оған өзгерістер енгізу қажет;
- акт жазбасы үшін қандай өзгерістер, түзетулер, толықтырулар қажеттігін көрсету керек;
- өзгерістер енгізу үшін растайтын құжатты тіркеу қажет;
- төлем жасау керек;
- өтінішке қол қою қажет.

Қызмет нәтижесі eGov.kz порталының мәртебе парағында және жеке кабинетінде Хабарлама түрінде пайда болады. Дайын құжатты өтінімде көрсетілген Халыққа қызмет көрсету орталығынан алу қажет.

Айта кетейік, бұл жаңартулар ҚР Президенті бюрократиядан арылту жөніндегі Жарлығы аясында жүзеге асырылды, оның негізгі мәні цифрлық трансформация және мемлекеттік басқарудың барлық салаларының жүйелі реинжиниринг болып табылады.

Аталмыш қызмет ҚР Әділет министрлігінің, ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер Комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ақпараттық жүйелерінің интеграциясы арқасында қолжетімді болды.

Динара МАЖИТОВА.



**Чистов ауылдық округінің әкіміне кандидат
ХАСЕНОВ РАШИД ТӨЛЕУҰЛЫ
ӨМІРБАЯНЫ**

Мен, 1965 жылы 25 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Чистов кешарының Урожайное ауылында дүниеге келдім. Екі білімі бар: Свердлов автожол техникумы, 2001 жылы ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтын бітірдім.
Еңбек жолымды 1988 жылы Булаев қаласында жөндеу шеберханасының менеджері болып бастадым. 1998

жылы СҚО ТЖ департаментіне қарауыл бастығы болып ауыстым. 2011 жылы СҚО ТЖД ОКР бастығы болып тағайындалдым. 2013 жылы Конохов ауылдық округінің әкімі болып сайландым. 2017 жылдан 2019 жылға дейін өзін-өзі жұмыспен қамтыдым.
Отбасылық жағдайым: үйленгенмін, екі балам бар.
Менің барлық қызметім аудан

мен ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған! Мемлекеттік қызметте жұмыс істеген кезеңде халықпен, меншіктің өртүрлі нысандарының өкілдерімен жұмыс істеу тәжірибесін алдым, оны тұрғындармен бірлесіп жұмыс істеу кезінде өзекті мәселелерді шешуде қолданатын боламын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Құрметті

Чистов ауылдық округінің тұрғындары!

Бүгін біздің Отанымыз, қаламыз, ауылымыз, округіміз әрқайсымызға байланысты болатын уақыт келді.
Сондықтан Мен Сізді сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын. Сіздің маған берген дауысыңыз - бұл біздің балаларымыздың, жастардың, ата-аналардың бақытты және гүлденген өміріне қосқан үлесіңіз!

Егер Сіздер мені өкім етіп сайласаңыздар, алдағы жылдары:

- Чистовское ауылында қоспалалы спорттық ойын алаңын салу.
- Чистовское ауылы бойынша кентішілік жолдарды

күрделі жөндеу туралы мәселені шешетін боламын.

- Пролетарка ауылына кірме жолды жөндеу.
- Чистовское ауылындағы Мәдениет үйін жөндеуге ақшалай қаражат бөлуге жәрдемдесетін боламын.

Мен аталасамын:

- Жұмыспен қамту, ШОБ дамыту және тұрғындардың жалақысын арттыру мәселелері тұрақты бақылауда ұстауға.
- Тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту үшін партиялық және Мемлекеттік бағдарламалар арқылы алдағы шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу.
- Ауылды қозғалдыру және абаттандыру, кентішілік жолдарды жөндеу жұмыстарын жүргізуге, мәдениет пен бұқаралық спортты дамытуға ықпал етуге.

Үлес қосамын:

- Чистов ауылдық округі тұрғындарының әлеуметтік-мәдени және рухани мұраларын насихаттауға.
- Жастардың бойында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, Қазақстан халқының әдет-ғұрпы мен мәдениетін сақтауға.
- Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға ерекше назар аударуға.
- Атаулы әлеуметтік көмек халықтың осал топтарына - мүгедектерге, зейнеткерлерге, көп балалы отбасыларға қолдау мен көмек көрсетуге.

**Сайлауға келіңіздер!
Маған дауыс беріңіздер!**

Бағдарлама облыстық бюджеттен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.



**Возвышен ауылдық округінің әкіміне кандидат
СОКОЛОВ ВИКТОР ВАСИЛЬЕВИЧ
ӨМІРБАЯНЫ**

1975 жылы 26 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышенка ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2011 жылы ИМ Академиясын құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша бітірген.
Еңбек жолын 1992 жылы қарашада бетон учаскесінің жұмысшысы болып бастады, содан кейін 1993 жылы Қазақстан әскери қатарында қызмет етті. 1994 жылдан 2003 жылға дейін өртүрлі ұйымдарда жүргізуші болып жұмыс істеді. 2003 жылдан 2017 жылға дейін ҚР ИМ-де қызмет атқарды.

Ауылдық округ әкімдеріне кандидат ретінде әрекет ету туралы шешім қабылдай отырып, мен ауылда бар әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді салуға ниеттімін.
Адамдармен қарым-қатынас біздің округ тұрғындарының күнделікті қандай қиындықтарға тап болатынын түсінуге мүмкіндік берді. Нашар жолдар, көше жарығы, жастардың бос уақыты - мұның бәрі бәріне таныс. Мен округ тұрғындарының өмірін жақсарту үшін бар күшімді, білімді және тәжірибемді

саламын. Мемлекеттік қызметте жұмыс істеген кезеңде тұрғындармен, меншіктің өртүрлі нысандарының өкілдерімен жұмыс істеу тәжірибесін алдым, оны өзекті мәселелерді шешуде тұрғындармен бірлесіп жұмыс істеу кезінде қолданатын боламын.
Мен проблемалық мәселелерді қалай шешуге және біздің аудандағы өмірді жақсартуға болатынын түсінемін. Бірақ мен мұны тек Сіздің қолдауыңызбен жасай аламын, қымбатты жерлестер.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Құрметті Возвышен ауылдық округінің тұрғындары!
Ата Заңымыз бен мемлекетіміздің заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан тұрғындарының игілігі үшін еңбек етемін.
Сондықтан, сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын. Сіздердің маған берген дауыстарыңыз - балаларымыздың, жастарымыздың, ата-аналарымыздың бақытты да баянды өмір сүруіне қосқан үлес!

Егер Сіздер мені өкім етіп сайласаңыздар, алдағы жылдары:

- 2025 жылға қарай Возвышенка ауылынан Булаев қаласына дейінгі жолды жөндеуге қол жеткіземін;
- округтің елді мекендеріндегі кентішілік жолдарды

- жөндеуге жәрдемдесетін боламын;
- ауылдық округте көшелерді жарықтандыру желісін дамытуға жәрдемдесетін боламын;
- 2025 жылға қарай Возвышенка ауылында 300 бас ірі қара малға арналған сүт-тауар фермасының құрылысына жәрдемдесетін боламын.
- Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін:
- ауылдың экономикалық дамуы және округ тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту үшін;
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- бұқаралық демалыс, мәдениет және спорт орындарын жайластыру;
- Возвышенка ауылында балабақша салу үшін қосымша

- қаржыландыру көздерін іздеймін.
- Мен өз үлесімді қосамын:**
- Возвышен ауылдық округі тұрғындарының әлеуметтік-мәдени және рухани мұраларын насихаттауға.
- Жастардың бойында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, Қазақстан халқының әдет-ғұрпы мен мәдениетін сақтауға.
- Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға ерекше назар аударуға.
- Атаулы әлеуметтік көмек халықтың осал топтарына - мүгедектерге, зейнеткерлерге, көп балалы отбасыларға қолдау мен көмек көрсетуге.

**Сайлауға келіңіздер!
Маған дауыс беріңіздер!**

Бағдарлама облыстық бюджеттен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРАДЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімінің аппараты барлық тілек білдірушілерді Мағжан Жұмабаев ауданында мемлекеттік қызметке жұмыс істеуге шақырады!

Бізге келесі бағыттар бойынша жоғары білімі бар мамандар қажет: «Бизнес және басқару» (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, еңбекті ұйымдастыру және нормалау), «Құқық», «Сәулет және құрылыс» (геодезия және картография, жерге орналастыру, кадастр), «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» (агрономия, жерге орналастыру), «Педагогикалық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Журналистика және ақпарат», «Гуманитарлық ғылымдар», «Тілдер мен өдебиет».

Мемлекеттік қызметке жұмыс істеу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар келесі бағыттар бойынша шақырылады: «Бизнес және басқару» (бухгалтерлік іс және салық салу (есеп және аудит), (қаржы, банк және сақтандыру ісі (банк және сақтандыру ісі), «Құқық», «Сәулет және құрылыс» (геодезия және картография, жерге орналастыру), «Ауыл шаруашылығы» (агрономия), «Білім», «Әлеуметтік ғылымдар және ақпарат», «Гуманитарлық ғылымдар» (тілдер).

Лауазымдық жалақының мөлшері жұмыс өтіліне байланысты 226 837 теңгеден 260 564 теңгеге дейін өзгертін болады.

Грантта оқыған және оқудың орташа өлшенген бағасы (GPA) 3,33 балдан төмен емес диплом алған тұлғалар конкурсу

өткізбей оқуды аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде аудан әкімдігінің, ауылдық округтер әкімдіктерінің және аудан бөлімдерінің бас мамандары лауазымдарына орналаса алады. 3,33 балдан төмен балл жинаған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуді және жеке қасиеттерін бағалауды тапсырған жағдайда конкурстың негізге мемлекеттік қызметке лауазымдарға орналаса алады.

Құзыреттерін жетілдіру үшін мемлекеттік әкімшілік қызметшілер кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттырудан өтеді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан асатын мемлекеттік қызметшілерге магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға түсу мүмкіндігі беріледі. оқу кезеңінде жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) сақталады және лауазымдық айлықақы мөлшерінде стипендия төленеді. Астана қаласында оқу уақытында білім алушыларға тұру үшін қолпайы жағдайлары бар жатақхана беріледі.

Қызметтік міндеттерді өз бетінше орындауға бейімделу және кәсіби дайындық үшін тәлімгерлік институты бар. Жас мамандарға үлкен жұмыс тәжірибесі бар және жоғары кәсіби қасиеттері бар мемлекеттік қызметшілер практикалық көмек көрсетеді.

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардың жолдама-сы бойынша тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде кәсіби білім мен тәжірибе алу мақсатында олардың тағалымдамасы өткізіледі. Тағалымдамадан өту кезеңінде мемлекеттік қызметшілердің жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) және жалақысы сақталады.

Мемлекеттік қызметте қызметшінің жеке еңбегі мен жетістіктерін мойындағаны үшін қабілеттері мен кәсіптік даярлығына сәйкес мансалтық өсу көзделген.
Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылған жағдайда жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі және мерзімді әскери қызмет кезеңіне олардың жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) сақталады.
Мемлекеттік қызметшілерге екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыру үшін жәрдемақы төлей отырып, уақытты күнтізбелік отыз күн ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

Жыл қорытындысы бойынша тиімді және сапалы жұмыс үшін мемлекеттік қызметшілерге екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде бонустар төленеді.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер үшін әлеуметтік қорғау шаралары қарастырылған:
- жеке тұрғын үй құрылысы үшін

тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жер учаскелері беріледі. Жер учаскелерін беру шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.
- мемлекеттік қызметшілер және олармен бірге тұратын олардың отбасы мүшелері тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде белгіленген тәртіппен медициналық қызмет көрсетуді пайдаланады.

- ауылдық әкімдіктерде жұмыс істейтін және ауылдық округтерде тұратын «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне «Дипломмен ауылға!»:
1. 100 АЕК (345 000 теңге) мөлшерінде көтерме жәрдемақы;
2. 15 жылға 1500 АЕК (5 млн 175 000) мөлшерінде тұрғын үй сатып алуға арналған бюджеттік кредиттер 0,01%. Қажетті шарт: келісімге қол қойылған күннен бастап ауылдық жерлерде 3 жыл жұмыс істеу.

Лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін мемлекеттік қызметшілерге көтермелеу қолданылады. Ерекше еңбегі үшін мемлекеттік қызметшілер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік наградалармен наградалауға ұсынылуы мүмкін.

Сіздерді мемлекеттік қызметке жұмыс істеу үшін күтеміз. Барлық сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8(71531)21449, WhatsApp 8 777-040-38-95.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАҒА ҚАТЫСУ ТАЛАПТАРЫ



«Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі мемлекет меншігіне өткен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

Департамент айына кем дегенде бір рет электрондық аукциондар өткізіп, онда мемлекетке түскен мүлік сатылуға шығарылады. Электрондық аукциондар мемлекеттік мүлік тізілімінің «www.gosreestr.kz» веб-порталында электрондық аукцион нысанында өткізіледі. Аукцион өліміздің қолданыстағы заңнамасында көзделген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, сейсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін өтеді және Астана уақыты бойынша сағат 15:00-ден кешіктірілмей басталады.

Веб-порталда жұмыс істеу үшін компьютеріңізге «NCALayer» соңғы нұсқасын орнату және халыққа қызмет көрсету орталықтарында немесе «www.pki.gov.kz» сайтында берілген Ұлттық куәландырушы орталықтың электрондық цифрлық қолтаңбасын алу қажет. Әрі қарай, веб-порталда қатысушының жеке кабинетіне тіркелу керек. Іс-әрекеттердің реттілігі көрсетілген нұсқаулық «www.gosreestr.kz» мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында орналастырылған.

Аукцион өткізу туралы хабарлама ол ұйымдастырылғанға дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын тізілімінің веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Хабарлама жарияланғаннан кейін сатуға арналған веб-порталда орналастырылған мүлікті тексеруге тегін қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Қатысушыларды тіркеу аукцион өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін бес минут бұрын аяқталады.

Аукционға қатысуға өтінім беру үшін қатысушылар хабарламада көрсетілген бірыңғай оператордың банктік деректемелеріне кепілдік жарна енгізеді. Кепілдік жарнаны қатысушы немесе оның атынан кез келген басқа жеке немесе заңды тұлға төлейді. Кепілді жарнаны енгізу кезінде төлем құжатында төлем мақсатына қарай қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірін (БСН) көрсету қажет.

Кепілдік жарна қатысушы аукционға қатысу үшін осы кепілдік жарнаны төлеген нысанды сатып алу құқығын береді. Аукционды жеңіп алған және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиісті төлемдерге алынады, ал егер қатысушы жеңімпаз болып табылмаса, кепілді жарна үш жұмыс күнінен кешіктірмей қатысушы көрсеткен деректемелерге қайтарылады. Аукцион жеңімпазы аукцион қорытындылары туралы хаттамға немесе сатып алу-сату шартына қол қоймаса, кепілдік жарна қайтарылмайды.

Кепілдік жарна төлегеннен кейін аукционға қатысуға өтінім беру басталады. Мемлекеттік мүлік тізілімі арқылы жеке немесе заңды тұлға ретінде тіркелу үшін қатысушы жеке кабинетке өту керек. «Файлдан ЭСҚ сертификатын» таңдасаңыз, қатысушының жеке немесе заңды тұлғаның профилі шығады. Сіздің жеке кабинетіңізде «электрондық аукциондар» туралы ақпарат пайда болады. «Барлық аукциондар» тармағын таңдап, кепілдік жарна төлеген таңдалған лот нөміріне өту керек.

Қажетті лот пайда болғаннан кейін «қолдану» бөлігін таңдау қажет. Содан кейін тендерді ұтып алмаған жағдайда қаражат қайтарылатын банктік деректемелер (банктік атауы, ИИК, шот нөмірі), «кепілдік төлемдер», кепілдік төлем сомасын белгілеңіз.

Өтінішті қабылдау үшін электрондық қолтаңбамен қол қойып, жіберу керек. «Файлдан ЭСҚ сертификатын» таңдаңыз және кілттің екінші жолына қол қойыңыз. Қол қойылғаннан кейін экранда «өтінішіңіз қабылданды» деп көрсетіледі. Тізілімінің веб-порталы өтінішті тіркегеннен кейін үш минут ішінде тізілімінің дерекқорында өтінім берілген мүлікке кепілдік жарнаның түсуі туралы мәліметтердің болуына автоматты түрде тексеру жүргізіледі.

Аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде қатысуды растау қажет, өйтпесе қатысушы саудаға жіберілмейді. Сауда-саттық электрондық аукцион залында жүзеге асырылады. Егер қатысушы тауардың бағасына қанағаттанса, онда «ағымдағы баға ұсынысы» жолында «растау» уәcies белгіленеді.

Әрбір сатылған мүлік бойынша аукцион нәтижелері аукционның нәтижелері туралы электрондық хаттамамен рәсімделеді, оған сатып және жеңімпаз аукцион өткізілетін күні ЭСҚ-ның пайдалану отырып, тізілімінің веб-порталында қол қояды. Хаттама негізінде сатушы сатып алу-сату шартын жасайды және оны жеңімпазға бекітуге жібереді.

Сатып алу-сату шартын жасасқаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде тауарға төлем толық көлемде жүргізілуі тиіс. Кепілдік жарнаның сомасы сатып алынған тауар үшін төлемге қосылады. Төлем толық төленгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде сатып алынған мүлікті алу қажет. Көрсетілген мерзім бұзылған жағдайда сатып алу-сату шарты біржақты тәртіппен бұзылады, мүлік қайтадан аукционға шығарылады.

Виталий ЛИСТОПАДНЫЙ,
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің бас маманы.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫ БАСПАНА КЕЗЕГІНЕ ҚОЮ ПРОАКТИВТІ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

ҚР ИИДМ-де баспанаға мұқтаж азаматтардың кезекке түру мәселелеріне байланысты зерттеу жұмыстары іске асырылды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Цифрлы даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп (Цифрлы үкіметті қолдау орталығының базасында), Invisible Government жобасы аясында «Тұрғын үйге кезек» брейнджормингін өткізді.

Айталық, Денсаулық сақтау министрлігі, Астана қаласының тұрғын үй басқармасы және тұрғын үй инспекциясы, «Отбасы Банкі», Өмірлік қиын жағдайда қалған балаларды қолдау орталығы және Астана қаласының балалар үйі өкілдерінің қатысуымен баспанаға мұқтаж адамдар қатары қалыптастырылды. Оған жетім балалар, 1 және 2 топтағы мүгедектің бар адамдар кірді.

Брейнджормингтің барысында негізгі санатты айқындаумен бірге олардың басымдылығына байланысты өзекті мәселелер де айтылды. Мәселен, жетім балалардың көмелет жасқа толғаннан кейін жинақталған жәрдемақыны мақсатсыз пайдалану мен заңнамадағы нормаларды өзгерту бойынша ұсыныстар жасалды.

Сонымен қатар респонденттер арнайы онлайн сауалнамадан өтті. Оның нәтижесінде олар ұзақ

жыл бойы үй кезегін күтуге мәжбүр екендігін, жалған ажырасу фактілерінің болуы мен мүгедектің тағайындау бойынша проблемалардың бар екендігін жеткізді. Осылайша, аталған санаттағы азаматтарға қолдау көрсетуді жалғастыру үшін реинжиниринг тегіп бойынша кері байланыс жасалды.

Брейнджормингтің қорытындысы бойынша негізгі топқа кіретін адамдардың тұрғын үй кезегіне қою үшін бұл қызметті проактивті форматта көрсету басамасы көтерілді.

Министрлік жоғарыда айтылған санаттарға кіретін азаматтарды кезекке өтіншінісіз тұрғызу үшін проактивті хабарламаны жолдау мақсатында кезекте тұрғандардың бірыңғай ақпараттық жүйесінен эталондық деректерді автоматты түрде алу үшін қажетті АЖ-мен интеграциялау бөлігінде тиісті жұмыстарды жүргізетін болады.

БИЫЛДАН БАСТАП АУТИЗМГЕ ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАР САНАТОРИЙДЕ ТЕГІН ДЕМАЛАДЫ

Ақмола облысында «Шипажай-2023» ғылыми-практикалық форумы өтті.

Жынында еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің төрағасы Төлеген Оспанқұлов өз сөзінде санаторлық-курорттық емдеу және сауықтыру жүйесі халық үшін, әсіресе мүгедектің бар адамдар үшін кең қолжетімділікті іске асыруға бағдарлануы тиіс екенін атап өтті.

2021 жылдан бастап санаторлық-курорттық емдеу қызметін көрсету әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жүргізіледі.

Онда мүгедектің бар адамдар қызмет көрсетушіні өз бетімен таңдайды. 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілген Әлеуметтік кодекстің қандайдығы – ақыл-ой кемістігі бар (аутизм спектрінің бұзылуы) балаларға арналған санаторлық-курорттық емдеу. Олар ата-аналарының немесе қамқоршыларының

міндетті сүйемелдеуімен санаторий-курорттық ұйымдарға жіберіледі.

Биыл пилоттық режимде мыңға жуық баланы жіберу жоспарланып отыр.

Жекелеген бағыт бойынша өліміздің барлық санаторийлерінде мүгедектің бар адамдар үшін міндетті түрде қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесі айтылды.

Сондай-ақ, сапар аясында төраға Әлеуметтік қызметтер порталында мүгедектің бар адамдарға қызмет көрсететін Шучинск қаласы мен Бурабай кентінің бірқатар санаторийлеріне барды.

Санаторийлер әкімшілігімен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, оналту іс-шаралары, мүгедектің бар адамдар үшін қолжетімді ортаны міндетті түрде қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

АВТОХҚКО-ЛАР ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ПРОЦЕДУРАСЫН ҚАТАҢДАТТЫ

Заңсыз көмек ұсынатын делдалдардың жолын кесу мақсатында мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жүргізуші куәлігін алу процедуралары қатаңдатылды, деп хабарлайды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталықтары қызметіне мониторинг жүргізді. Оған себеп бірнеше жыл бойы көлік құралдарын заңсыз рәсімдеумен айналысқан қылмыстық топқа қатысты қылмыстық істер болды.

Мониторинг барысында автокөліктерді тіркеу мен жүргізуші куәліктерін заңсыз берудің шарттары анықталған.

Ақпараттық жүйелердің осалдығы, процестердің жеткіліксіз цифрландырылуы, көлікті тіркеу процедурасының жетілдірілмегендігі, емиттер хандарды қабылдаудағы құқықтық олқылықтар, автоматтерде атусті оқыту – осы факторлардың барлығы заңсыз делдалдық қызметтердің пайда болуына ықпал еткен, - деліген Антикор мәліметінде.

Мониторинг нәтижелері бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі уәкілетті мемлекеттік органдардың атына 22 ұсыныс жолдаған. Қазіргі таңда ұсыныстардың жартысынан көбі орындалған.

Мәселен, ІІМ өзінің барлық аумақтық бөлімшелерінде автокөлік құралдарының дерекқор базасына түзету енгізу мүмкіндігін жапты.

Сонымен қатар Ішкі істер министрінің бұйрығымен жүргізуші куәліктерін беру рәсімі күшейтілді. Онда емтихан алушылардың міндетті биометриясы мен тестілеудің барлық процесін видеотіркеу енгізілді, емтихандарды қайта тапсыру регламенті өзгертілді.

Бұдан бөлек, пилоттық режимде автоХҚКО мен ІІМ-де жаңа ақпараттық жүйелер іске қосылды. Жүйеде автомобильдердің деректерін, міндетті төлемдер мен алымдарды, айыппұлдарды автоматты цифрлық салыстыру тетіктері көзделген, кез келген түзетулер үшін мүмкіндіктен алынып тасталады.

Осы ретте мамандандырылған ХҚКО қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне жатқызу ұсынылды. Заң жобасы ҚР Парламентінде қаралуда. Қабылданатын жақтан шараларға қарамастан, мамандандырылған ХҚКО-ла маңда құжаттарды рәсімдеуге көмек ұсынатын тұлғалар өлі де болуы мүмкін. «Көмекшілердің» заңсыз қызметтерін жүгінбеуді сұраймыз. Осындай фактілерге тап болған жағдайда 1424 қысқа нөмірі бойынша Антикорға дереу хабарлау қажет, - деді Антикордан.

БІЛІМ БЕРУ

БИЫЛ 1-4 СЫНЫПТАҒЫ БАРЛЫҚ ОҚУШЫҒА ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚ БЕРІЛЕДІ

Биылғы оқу жылында ел бойынша 1-4 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл 1 қыркүйектен бастап аз қамтылған отбасылардан шыққан 1,5 миллионнан астам оқушыны, сондай-ақ әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақтандырумен қамту жоспарланған», - деліген Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің мәліметінде.

Республика бойынша тегін тамақтану құны орта есеппен 577 теңгені құрайды, ең жоғары баға Алматы қаласында – 800 теңге. «Алдыңғы жылдары 1-4 сынып оқушыларының тегін тамақпен қамту 56,6% құрады. Бұл Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, Павлодар, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда және Атырау облыстарының оқушылары болды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында қалған өңірлердің оқушыларының тегін тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді. Осылайша жаңа оқу жылынан бастап 100% көрсеткішке қол жеткізілетін болады», - деді Балалардың құқықтарын қорғау комитеті басқармасының басшысы Дана Мақтаева.

Айтылып өткендей, бүгінде министрлік мектептегі тамақтану сапасын арттыру мәселесін пысықтап жатыр.

БАЛАБАҚША ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ 30 ПАЙЫЗҒА АРТАДЫ

Биыл қыркүйекте балабақша педагогтерінің жалақысы 30 пайызға артады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі Мектепке дейінгі білім департаментінің директоры Наталья Жумаділдаева айтты.

«Білім сапасы педагогтердің кәсіби құзіреттілік деңгейіне тікелей байланысты. Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында 98 мың педагог жұмыс істейді. Олардың 65,3 мыңының жоғары, ал 31 мыңының техникалық және кәсіптік білімі бар. Аудылдық жерде – 41 596, қалалық жерде – 55 811, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымда 58 203, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымда 39 714 педагог еңбек етіп жүр. Мемлекет басшысы тәрбиешілердің мәртебесін көтеру, кәсіби әлеуетін арттыру және жалақысын көтеру міндетін қойды. Биыл мектепке дейінгі ұйымдардың 20390 педагогының біліктілігін арттыру жоспарланған», - деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мексхаттында.

Оның атап өтуіне, соңғы төрт жылда тәрбиешілердің жалақысы кезең-кезеңімен 25 пайызға өсті. 2023 жылдың қыркүйегінен бастап жалақы тағы 30 пайызға өсетін болады. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үздік тәжірибелерін тарату үшін 79 мектепке дейінгі ұйымдарда тұрақты негізде «Құзыреттілік орталықтары» жұмыс істейді.

ЕЛ ШЕБІНДЕГІ КҮЗЕТ - ЕРЕКШЕ МІНДЕТ

Ол Ресейдің Омбы облысы Полтавка ауданымен шекаралас Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Менжинское ауылында 1985 жылы 18 ақпанда дүниеге келген. Жасөспірім шақта елдің шетінде, желдің өтінде еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қалт жібермей күзетіп жатқан шекарашы мамандығы оны қатты қызықтырады. 2002 жылы ауылдағы орта мектепті бітірген жас түлек жергілікті шаруашылықта еңбек етіп жүріп, жауапты мамандық иелерінің қызметіне тамсанады. Содан 2003-2005 жылдары Алматы қаласындағы Әуе қорғаныс күштері қатарында Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң, шекара қызметіне құжаттар жинауға кіріседі. Төпсе темір үзетін қарулы жігіт бос отырмай, үйіндегі еке-шешесіне қолғабыс жасап, ауылда жұмыс істейді. Осылайша, 2006 жылы 22 қарашада бұйрық шығып, ол ҚР ҰҚК Шекара қызметіне жұмысқа тұрады.

Осылайша, «Келтесай» шекара заставасында аға атқыш лауазымына қабылданған Әуелбек әскерден бойынша сіңірген дағдыларын іс жүзінде іске асырып, жүктелген міндеттерді ойдағдай орындады. Соның арқасында 2008 жылы 2-ші атқыштар бөлімшесінің командирі етіп тағайындалды. Білімді, қайратты жас командир қарамағындағы сарбаздармен шекараны күзетіп, күні-түні тынымсыз еңбек етті. Мемлекет тарапынан барынша қолдауға ие болған ел сақшылары өздеріне сеніп тапсырылған қасиетті шекараны қырағы күзетуде, табиғаттың көз келген уақытында егемен еліміздің беріктігі мен халқының тыныштығын сақтауда олар міндетіне адалдық танытты. Ел шебінің күзетінде жүріп оң жағынан көзге түскен Әуелбек Жадрин 2009 жылы «Қарақоға» шекара заставасының аға технигі лауазымына ауысып, бүгінгі күнге дейін осы қызметті абыройлы қызмет атқарып жүр.

- Бала кезімнен әскери болуды армандадым, сондықтан мектептен кейін әскерге аттандым. Әрине, әскери қызмет менің өмірімде маңызды орын алғаны сөзсіз. Екі жыл бойы әскери тәртіпке, жауапкершілікке және сабырды да шыдамды болуға үйрендім. Жоғары жауынгерлік дайындықтан өтіп, әскери мамандықтың қыр-сырына қанықты. Бүгінгі күні соның барлығы маған зор көмек болып табылады. Жауапты қызмет мойныма жүктелгенін жақсы түсінімім, сол себепті, бар білім мен тәжірибемді пайдалануға

Шекара аймақтарының халқы «Шекараны бүкіл ел қорғайды» қағидасымен етене таныс. Берінен де ел шебіне жақын орналасқан ауыл халқы қырағылықты қалт жіберген емес. Өздерін шекарашылардың көмекшісі санайды. Осындай шекаралық өңірлерде дүние есігін ашқан жасөспірімдердің арасынан шекарашыларға қарап бой түзеп, Отан қорғаушы мамандығын таңдағандар аз емес. Сондай азаматтық бірі – Әуелбек Жадрин.



тырысып келемін. Қазіргі жастарға айтарым, қай салада болмасын, ер жігіт еліне қызмет ету керек. Әсіресе, әскери қызметте төзімді, қайратты болып, алға қойған мақсатқа жету үшін барын салуы қажет деген кеңес бергім келеді, - дейді шекара қызметінің аға сер-

жаны Ә.Ф. Жадрин.

Бірнеше жыл бурын ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Солтүстік Қазақстан облысы департаментіне қарайтын Қарақоға ауылында орналасқан шекара бөлімшесі атақты жерлесіміз, даңқты қолбасшы Баян Батырдың есімімен аталады. Жеке

құраммен, арнайы техникамен және шекараны күзетудің барлық құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген бөлімшенің сақшылары Отанымыздың қасиетті шекара шептерін қорғау бұйрығына сай еңбек етеді. Мемлекеттік шекарадан өтуге рұқсат беретін орындардың ерекшелері мен шекара төртін бұзғандар мен бұзуға әрекет еткендер, сол сияқты Мемлекеттік шекарадан рұқсатсыз жүктер, материалдар, құжаттар мен тағы да басқа заттарды заңсыз тасымалдаған тұлғалар «Мемлекеттік шекара туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстық және өкімшілік жазаға тартылады.

Аға сержант шеніндегі Әуелбек Жадрин аға техник ретінде бөлімшедегі МТЗ тракторы, УАЗ автокөліктері, қарда жүргізу техникаларына жауап береді. Өйткені шекарашылардың күнделікті қызметі өзіне сеніп тапсырылған техника мен құрал-саймандарды жауынгерлік жағдайда ұстап, кез келген уақытта заңсыз шекара бұзушылардың жолын кесу болып табылады. Әуелбек Фалиақбарұлының міндеті жоғарыда аталған техникаларды сақдай сай болуын қадағалап, бабында ұстап бақылау. Сондықтан болар, тәжірибелі шекарашы өзіне де, сақшыларға да талапшыл, тәртіпке қатал. Кез келген ұсақ-түйекке үлкен назар аударып, жаздың ыстығында, қыстың суығында берілген бұйрықтарды уақытында әрі бұлжытпай орындап келеді.

2007 жылы отау құрған Әуелбек зайыбы Аңсаған екеуі бес баланы тәрбиелеп, қазір Қарақоға ауылында тұрып жатыр. Тәжірибелі шекарашы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің II және III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», III дәрежелі «Ұлттық қауіпсіздік қалқаны» медальдарымен марапатталған.

Мемлекеттік шекараның беріктігі – елдіктің басты белгілерінің бірі. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен бастап еліміздің тыныштығы мен шекарасының қауіпсіздігін қырағылықпен, жоғары жауапкершілікпен күзетіп келе жатқан шекарашылардың еңбегі зор. Сондықтан Мемлекеттік шекараны абыроймен берік күзетіп жүрген барша шекарашыларды төл мерекелерімен құттықтаймыз. Өз дамуының күрделі кезеңдерінен өте отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, бейбіт еліміздің тыныштығын қадағалаған шекарашыларға алғыс білдіреміз.

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ.

Ел егемендігін алған тұста ең әуелі ұлан-ғайыр атыраптың шебін күзетуге, тұрақтылығын сақтауға мықтап көңіл бөліне бастады. Дербес, қауіпсіз мемлекет құру бағытындағы іргелі жұмыстардың нәтижесінде 1992 жылдың 18 тамызында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі құрылды. Содан бергі отыз жылдық бедерінде ҰҚК Шекара қызметінің жауынгерлері небір соқтықпалы-соқпақты кезеңдерді абыройлы еңсеріп, әскери-техникалық дайындығы жағынан әбден шыңдалды. Бұл рәсімде шекарашылардың қызметте қырағы, анытына адал екенін айқындап тұраңдай.

Қазақстан Республикасының құрлықта, теңізде, өзендер мен өзге де су жолдарындағы Мемлекеттік шекараны күзету - ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Шекара қызметіне жүктелген. Теміржол, автокөлік, теңіз, өзен, әуе жолы және өзге де жерлер арқылы өтетін шекара шептері ҚР Ұкіметі белгілеген өткізу пункттері арқылы айқындалады. Сондықтан шекара шебінен өтуге болмайтын жерлер арқылы контрабандалық жүк тасымалдау, тәуелсіз мемлекетімізге экономикалық зиян келтіруге бағытталған кез келген заңсыз әрекеттерге шекарашылар тосқауыл қояды. Өйткені ҚР Мемлекеттік шекарасы қол сұғуға болмайтын, біртұтас болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі – елдің мемлекеттік шекарасын күзетуге арналған арнайы қызмет. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан алдында жас мемлекеттің аймақтық бүтіндігі мен егемендігін қорғау және қамтамасыз ету бойынша мәселе туындады.

Жаңа бөлімше Кеңес Одағы кезінде ең қуатты саналған Алматы шабаны мен Шығыс Қызыл Ту ордені шекара округінің негізінде құрылды. Әйтсе де республикадағы әскер нөлден қалыптасты деуге негіз бар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында офицерлік құрам 100 процентке жаңартылды.

Мұның барлығы мемлекеттік шекара статусы мен ұзындығы ай сайын өзгеріп отырған уақытта болып жатты. Кеңес Одағы кезінде ұзындығы 1,7 мың километр болатын Қытаймен арадағы шекара ғана құзатілді.

Қазір Қазақстанның шекара қызметі бес елмен арадағы 15 мың километр мемлекеттік шекараны күзетіп, шөл мен құрлықта ғана емес, Каспий теңізінің акваториясы мен әуеде де күзетте тұр.

Қазақстан аумағы бойынша өлемде тоғызыншы орында тұрған мемлекет. Оның Төзімнен құрлықтағы ең ұзын шекара-

ШЕКАРАШЫ – ЕЛ ҚОРҒАНЫ



сы бар. Тәуелсіздік жылдары посткеңестік мемлекеттермен арадағы барлық шекара белгіленді. Мемлекетіміздің барлық шекарасы сенімді күзетілуде.

Тәуелсіздіктің арқасында қазақ елі ұлан-байтақ жеріміздің шекарасын бекемдеп, мызғымастай беріктігі мен тұтастығын дәмелдеді. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ұлан-ғайыр мемлекеттік шекарамызды қорғауда сарбаздардың сіңірген еңбектері ерлік үлгісімен пара-пар. Ел шетін қорғаған сарбаздардың әр сәті түрлі оқиғаға толы.

Бұл ретте, мен Тәуелсіз еліміздің шекарасын күзету міндеті шекарашыларға ғана жүктелмегені, қасиетті шекараны бүкіл халық қорғайтынын атап өткім келеді. Сондықтан, шекара аймағының халқы қажет болған жағдайда шекарашыларға көмек етіп, қол ұшын беріп келеді. Мұны жергілікті тұрғындардың арасынан құрылған ерікті жасақшыларға қарап білуге болады.

Сондықтан болар, шекара аймақтарының тұрғындары шекарашыларға көмек қолын созуға әрдайым дайын.

«Мемлекеттік шекара туралы» Қазақстан Республикасының Заңында шекараны күзету – еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы мемлекет жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі екендігі атап көрсетілген. Демек, мемлекеттік шекараны қорғау – тыныштық сақшысы саналатын шекарашы жауынгерлер мен әскери қызметкерлердің ғана міндеті емес, шекаралық аймақта тұратын әрбір Қазақстан азаматының борышы болса керек.

Біздің батыр бабаларымыз о шеті мен бұ шетіне құлан жортса тұяғы тозатын, қыран ұшса қанаты талатын ұлан-ғайыр жердің шебін жанқиярлықпен қорғады. Бүгінгі бейбіт заманда Ұлы даламыздың шебін қорғаушы жауынгер-шекарашылар да сол батыр бабаларымыздың бүгінгі буыны.

Ендеше, Сіздерді кәсіби мереке – Ше-

карашы күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Біздің мемлекетіміз – Қазақстан Республикасының алдыңғы шебінде қызмет ету миссиясы – Мемлекеттік шекараны күзету және қорғау міндеті Сіздерге жүктеліп отыр. Отанымыздың қасиетті шебін қорғау дегеніміз – шекарашылардың алдында тұрған жауапты да маңызды міндет. Жасыл күн қағарлы сарбаздар қай кезде де батылдықтың, батырлық пен Отанға деген ыстық сезімнің үлгісін көрсетіп келеді.

Сондықтан барша шекарашыларға қиын да абыройлы, жауапкершілігі мол істеріңізге табыс, мықты денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Жауапты қызметтеріңізде қашанда табыстан табысқа жете беріңіздер! Еліміз аман, шекарамыз тыныш болсын!

Қуаныш ЕЛЕМЕС,

«Қасқат» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, шекара қызметінің лейтенанты.

АЛЕКСАНДРОВКАДА АРДАГЕРЛЕРДІҢ АЛҚАЛЫ ЖИЫНЫ ӨТТІ



Аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Шәріпов, «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов, ауылдық округтің әкімі Виктор Соколов, жергілікті шаруашылықтың басшысы Вячеслав Чернышов, әлеуметтік саламен байланысты бөлім басшылары, бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен белсенділері қатысқан алқалы жиын мектептің акт залында басталды.

Жиналғандарды күн тәртібімен таныстырған Оралбай Шәріповты Мағжан Жұмабаевтың 130-жылдығы аясында аудандық ардагерлер кеңесінің қызметі мен алда тұрған міндеттері жайлы ауқымды баяндама жасады.

Ардагерлер ұйымының қызметі бірінші кезекте өңір басшылары үшін өте қажет, сондықтан атқарушы органдардың тарапынан тиісті қолдаулар жасалуы тиіс. Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшысы

15 тамыз күні жаңадан тағайындалған бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары үшін аудандық ардагерлер кеңесінің көшпелі семинары ұйымдастырылып, ол Александровка ауылында болып өтті. Ауданның өр оқуінен келген қариялар алдымен Ұлы Отан соғысындағы ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ардагерлер ұйымының қызметін үнемі назарында ұстап келеді. Жыл сайынғы Жолдауларында аға ұрпақ өкілдерін қолдау бойынша міндеттер қойып, олардың даңғыл жолын үлгі етеді.

Осы ретте, мен біздің ардагерлер кеңесі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен, білім бөлімімен, мектеп ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас жасап, қарияларға көмек беру бойынша үлкен жұмыстар атқаруда. Сондай-ақ мен жастар ресурстық орталығын, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының басшылары, волонтерлерді және ауыл белсенділерін ерекше атап өткім келеді. Тыл еңбеккерлеріне, жалғызбасты және

мүгедек қарияларға жәрдемдесу ісіне күнделікті араласып, қол ұшын созып жүрген әлеуметтік қызметкерлер мен дәрігерлер сияқты барша жандарға айтар алғысым шексіз. Аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастырып жүрген көз келген іс-шарасы аудандық «Мағжан жұлдызы» мен «Вести» газеттерінде тұрақты түрде басылып тұрады, - деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Жиын барысында жастарға патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беру бойынша аудандық ардагерлер кеңесінің тұрақты комиссияның жұмысы туралы Сергей Завес сөз ербітсе, Булаев қаласының солтүстік аумағы бойынша ұйымның төрайымы Надежда Ковальногова мен Возвышен ауылдық округіндегі бас-

тауыш ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Елена Сильченко өздерінің жұмыс тәжірибелерімен ой бөлісті.

Ауылдық округ әкімі Виктор Соколов мен шаруашылық басшысы Вячеслав Чернышов та кезек-кезек сөз алып, округті абаттандыру мен шаруашылықты дамыту бойынша күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстар жайында мәлімет берді.

Семинарды қорытындылаған Оралбай Шәріповты ауданның мерейлі жасқа келген бірқатар ардагерге сый-сияпат жасап, құрмет көрсетті.

Іс-шара одан әрі жергілікті көркемөнерпаздардың дайындаған мерекелік концертпен жалғасты. Әсем әннен қуат алған қариялар содан кейін серіктестік асханасында жергілікті шаруашылық өзирлеген дастарханнан дәм татып, көтеріңкі көңіл күймен ауылдарына тарасты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

20 ТАМЫЗ - СПОРТ КҮНІ

СПОРТ КҮНІ - ДЕНСАУЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Спорт күні - Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 жылдың 15 қарашасындағы Жарлығына сәйкес тамыз айының үшінші жексенбісінде атал өтпеледі.

Спорт саласы Қазақстанда кең қолдауға ие. Елде спорттың дамуына бұқаралық спорт қозғалысын кеңейтуге, спорттағы жетістіктерді ынталандыруға бағытталған саясат ұқпал етуде.

Бүгінгі күн тек спортшылардың, бапкерлердің ғана мерекесі емес, сонымен бірге, көз келген жастағы адамдардың күш-қуатын, жастық шағы мен денсаулығын сақтауға ниет білдіргендердің мерекесі. Барлық уақытта рухы мен дені мықты адамдар қоғамның тірегі саналады. Сондықтан спорт денсаулықпен қатар, жеңіске деген сүйек бен ерікті шыңдайды.

Бүгінгі күн ауданда 173 спорт гимараты жұмыс істейді. Жыл сайын стадиондар мен балалар спорт алаңдары қайта жаңғыртылады. Спорттың материалдық-техникалық базасын дамыту, өткізілетін спорттық іс-шаралар санының артуы - дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар санының артуына алып келеді. Бұл бағытта біз қажырлы жұмыс істеп келеміз және одан әрі жалғастырамыз.

Жолдаудың басым бағыттарын іске асыру экономиканың маңызды секторларының бірінде жұмыс істейтін ауыл тұрғындарының физикалық жағдайына байланысты.

Жыл сайын ауданда қысқы және жазғы спартакиадалар өткізіледі. Ауыл спортшылары командаларының жарыстары жақсы дәстүрге айналып, сұлулық, жастық және денсаулықтың үлкен әрі қуанышты мерекесіне айналды.

Ауданла спортты дамытудың белгіленген

қарқынын нығайтып, жеңісті жолды одан әрі жалғастыру қажет. Бұл үшін ауданда барлық жағдайлар жасалынып, нақты шаралар қабылдануда.

Біздің спортшылар республикалық және облыстық жарыстарда өнер көрсетіп, аудан намысын абыроймен қорғап келеді.

Биылғы жылы ауданымыздың спортшылары «Ақ бидай - 2023», «Солтүстік - 2023» облыстық жазғы және қысқы спорт мерекелерінде, «Үміт» спартакиадасында және ұлттық спорт түрлері бойынша облыстық жарыста бақ сынады.

Бүгін спортта айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген спортшыларға алғыс айтып, олардың жетістіктерін атап өткім келеді.

Волейболдан аудан командасының құрамында Мөкенов Думан, Мөкенов Мәди, Қалиев Самрат, Илғұнов Геннадий, Кенжебай Марлен, Шарапов Сергей, Никитин Роман, Сейтов Еркін, Тарасенко Константин, Базылев Андрей, Жоламанов Дамир 3-ші орынға алды, боксшылар Жақыпов Нұрсұлтан чемпион атанса, Исмағұлов Еркек, Бексұлтанов Жанайдар мен Ыбыраев Дамир қола жүлдеге қол жеткізді.

Ауыр атлетшілер А. Шлехт мен В. Калашников күміс жүлдені ұтып алса, С. Гаманко 2-ші орын, ал А. Смолкин мен И.Лысенко 3-ші орындарға жайғасты.

Құрамында Лөлех Иван, Жанахметов Асан мен Жанахметова Ажар бар команда дойбыдан жарыс жеңімпазы атанса, Пузиков Элона жеңіл атлетикадан, Кочубеева Ксения велоспорттан қола жүлдені қанағат тұтты.

Еркін күрестен Мусин Бауыржан чемпион атағын жеңіп алса, Дүйсембинов Батырбек пен Төлегенов Сәбит 3-ші орындарға табан тіреді.

Команда құрамында Т. Макарова, С. Суханов, А. Дроздов, П. Щербакоева, Б. Тілеуов, Е. Рузанова, М. Яцкевич, А. Астахов, М. Лысенко, В. Подмогильный, Н. Скрипникова, Р. Тагиров, Е. Серета қысқы Президенттік көпсайыстан жалпыкомандалық есепте 3-ші орыннан көрінді.

Қаско Григорий қол күрестен чемпион атанса, Мусин Бауыржан қазақ күресінен қола жүлдені ұтып алды.

«Үміт» спартакиадасында С. Бекмағамбетов пен И. Яковлев жеңіл атлетикадан алтыннан алқа тағынып, оған қоса, күміс және қола медальдарды жеңіп алды. С. Челиков қол күрестен 2-ші орын алса, дойбыдан С. Кучерявая 3-ші орынға және С. Ысқақов 2-ші орынға жайғасты.

Сонымен бірге, биыл жасөспірімдер арасында жас балуанымыз Зарал Суңқар ел біріншілігін жеңіп алып, Азия чемпионатында қола жүлдегер атанды.

Жоғарыда аталған спортшылар халықаралық және облыстық жарыстарда ауданымыздың намысын абыроймен қорғап жүр.

Халықтың саулығы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі саналады. Өйткені ол тұтас Қазақстанның стратегиялық мақсатқа жетудегі жетістіктерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сол себепті, осындай тамаша мереке күні барша спортшылар мен жаттықтырушыларға, ауданның спорт сүйер қауымына мықты денсаулық, амандық, сәттілік, жаңа жеңістер мен жетістіктер тілеймін.

Жанат ӘУБӘКІРОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы
дене шынықтыру және спорт бөлімінің
басшысы.



ЖАЛШЫҰЛТТЫҚ АТА-АНАЛАР ФОРУМЫ

Мектеп оқушылары арасындағы төбелестер туралы ақпараттардан төбе шашын тік тұрады. Жағанды ұстатпай жағдайлар жиілеп кеткен. Сорақысы, сондай бейнежазбалар әлеуметтік желіде көптал жүр. Қарасаң, оқушылардың қатысқан кәсіпкерлеріне қызығуы өткен жылға қарағанда өскен. Сонда тәрбиенің қай тұсында көмдік бар? Фаби Мүсірепов: «Ұрлық, қарлық, зұлымдық, зорлық, қиянат сияқты қылмыстар өше берудің орнына өсе берсе, сол қылмыстардың бәрі де басқарушылардың өз бастарында болғаны!» дейді. Демек мәселе отбасындағы тәрбиеде, ата-анада. «Ұядан не көрсе, ұшқанда соны ілген» баланың еш жазығы жоқ.

Жалпыұлттық ата-аналар форумы осы мәселені мемлекеттік деңгейде назарға алған. Бала бақытты болса, еліміздің келешегі де жарқын. Биыл үшінші рет ұйымдастырылған ауқымды шарада ата-ана мәдениетін қалыптастыру, олардың белсенділігін арттыру, бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту, отбасы құндылықтарын насихаттау, бала құқығы, білімі, денсаулығы, қауіпсіздігі мәселелері талқыланды. Тағылымы мол ата-аналар форумын «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі Қазақстанның Азаматтық Альянсымен бірлесіп ұйымдастырды. Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Ләззат Рамазанованың айтуынша, еліміздің бәсекеге қабілетті болуы алдымен отбасы институтына байланысты.

«Өткен жылға қарағанда жасөспірімдерге қатысты қылмыстың саны өскен. Былтыр алты айдың ішіндегі жасөспірімдер арасындағы қылмыс 723 болса, биыл 785-тен асып кеткен. Ұл-қыздарымыз неге қылмысқа барады? Сонда олар тәрбиені көшеден алып жатырма? Дастарқан басында жиналған кезде, өкінішке қарай, есиет емес, есек айтылады. Ал нағыз тәрбие отбасында берілуі керек, – деді Л.Рамазанова.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген. Ендеше, соған ел болып мән беру маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев киелі Түркістан қаласында өткен ІІ ұлттық құрылтайда «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойында болуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің қинасы» деген еді.

«Ұрпақ тәрбиесі – мемлекет дамуының негізгі алғышарты. Бұған барлығымыз жауаптымыз. Мемлекет тарапынан бала тәрбиесі мен біліміне ерекше көңіл бөлініп, үнемі қолдау көрсетіліп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Оқу-ағарту министрлігі білім ұйымдарының барлығында құзырлы органдардың мамандарымен бірігіп біртұтас тәрбие тұжырымдамасын дайындады. Мұның аясында ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие мен білім беру саясатын іске асыру мақсат етіліп отыр.

1 қыркүйектен бастап «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы оқу-тәрбие үдерісіне

«Бала ауру не зауап болса, баладан емес, тәрбиеден. Бала тар ойлы, ақмақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиесі кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мақуау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиесі жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиесі көтерсін» деген иран елінің мәтелі – шын бұрыс мәтел», депті Алаштың арысы Мағжан Жұмабаев. Ұлт ақыны айтқан арда сөз өзектілігін өлі жойған жоқ.



енгізіледі. Бағдарламаның аясында «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен», «Оқуға құштар екең» секілді жобаларды іске асыру жоспарланатын отыр, – деді Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан.

Статистика сүйенсек, жасөспірімдер арасында жыл сайын 145 мыңнан астам қылмыс тіркеледі. Мұндай көрсеткіштің себебі алдымен ата-ана мен бала арасындағы байланыстың әлсіреуінде жатыр. Екінші – мектепте тәрбиенің білімнен қатар жүрмей, педагогикалық біліктіліктің төмендеуінде. Үшінші – сыртқы ортаның дұрыс қалыптаспауы мен бала психологиясының бузылуына әсер ететін ақпараттың көбеюінде. Баланы кішкентайынан дұрыс бағыттап, баптамақ кейін көш болмақ. Ал оған әке-шешенің, отбасындағы тәрбиенің маңызы зор. Үйде айтылған өнеге, есиет – баланың тұпқазығы. Жалпыұлттық форумды ұйымдастыруға ұйытқы болған «Сенімен болашақ» қоғамдық бірлестігінің басты мақсаты да – ата-аналардың санасын оятып, психологиялық-педагогикалық білімі мен

дағдыларын арттырып, жан-жақты қолдау көрсету. Жоба отбасы құндылықтарының маңызын арттыруға, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын дамытуға, ескеңеп ұрпақтың сана-сезімін шынайы патриотизмді жаңғыртуға, бала мен ата-ана арасындағы достық пен серіктестікті нығайтуға бағытталған.

«Сенімен болашақ» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Нұркен Асановтың айтуынша, форумға қатысушы ата-аналардың қатары жыл сайын артып келеді. Мәселен, биыл 700-ден астам ата-ана форумға қатысуға ниет білдірген.

«Сенімен болашақ» бірлестігі бір жылда 126 мың ата-анаға тренинг-семинарлар өткізді. Әрбір аймақта аптасына 50-70 семинар өткізілді. Біздің мақсат – ой айтып емес, ояту. Біздің мақсат – отау ішінен отау құру емес. Керісінше, отау ішіндегі отбасы, ошақ қасын түзеу. Өсиеттің емес, өсектің соңынан көп өріл, материяның құрбаны болғандықтан, ұл-қызымызға бейсаналы түрде жасап жатқан қастандығымыздан

сақтау. Құмырсқаның илеуін құмырсқаның өзі жасайды. Бал арасына оның илеуі қызық емес. Ендеше, біз де өз илеуімізді өзіміз жасауымыз керек. Қоғамда буллинг, кибербуллинг секілді проблемалар көп. Демек бұларға да белгілі бір деңгейде ата-аналардың өсері бар. Жауапкершілік – біздің қолымызда. Тізілді өзіміз алмасақ, алда опық жеріміз хақ, – деді Нұркен Асанов.

Бала тәрбиесінде мұғалімнің де алатын орны зор. Өйткені педагог те – ата-ана. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген Әл-Фарабидің сөзін ұмытпау маңызды.

Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов бала тәрбиесінде бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін білдірді. Бұл ретте педагог мамандардың талшылығы басты мәселелердің бірі екенін атап өтті. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, 2020 жылы мұғалімдерге деген қызығушылық 4 600-ден асқан. Тек Астана қаласының өзінде жыл сайын 1 мың мұғалім қажет. Жалпы, елордада бастауыш сынып, математика, информатика, ағылшын тілі мұғалімдерінің жетіспеуі анық байқалады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Үкіметке Астанада жаңа педагогикалық жоғары оқу орнының құру мәселесін пысықтауды тапсырған.

Бүгінгі таңда республикадағы 49 жоғары оқу орнының педагогикалық бағытта мамандар даярлау лицензиясы бар. Педагогикалық бағыттар бойынша білім алу контингенті шамамен 186 мың студентті құрайды. Оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитындар саны 43 мыңнан асады. Кадрларды даярлаудың педагогикалық бағыттарына түсу үшін талаптар біртіндеп күшейіп келеді. Бұған кейінгі кездері жасалған талдаулар себеп болған. Алдыңғы форумдарда педагогикалық бағыттың сапасы төмен екені айтылған болатын. Осыған байланысты 2020 жылдан бастап педагогикалық бағыттар бойынша оқуға қабылдау күшейтілді – оқуға түсу үшін шекті ұпай 50-ден 70 балға көтерілген.

– Балаларымыздың толыққанды, жан-жақты дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасау – еліміздің даму үдерісіндегі басты талап. Қоғамның психикалық-эмоциялық дамуы рухани интеллект турғысынан қалыптасуында жатыр. Ата-балаларымыздың мирас болып қалған дала заңдарын терең түсінген дала халық екеніміз рас болса, балаларымыздың төрт құбыласы түгел, саналы, зиялы ұрпақ ретінде қалыптасуы керек. Ең алдымен ұлы Абайдың «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» тұжырымдамасының негізін қалыптастыру қажет. Сондай-ақ Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасындағы» «Ақыл ойды, дене, сұлулықты, мінез-құлықты» тәрбиелеу басты міндет болып отыр. Қазір тәрбие беру маңызды жаһандық сипатқа ие болғаны жасырын емес. Әлеуметтік желілердің ескеңеп ұрпақтың санасына өсері орасан зор. Ата-аналардың оған қарсы тұруы күннен-күнге қиындап бара жатыр. Мұны жекелей ешкім шеше алмайды, бірігу керек, – деді Талғат Ешенқұлов.

Расында, тәрбиелі бала өлдік болашақ тірегі екені даусыз.

ТӘЛІМ ТӘРБИЕ



«Әлди-әлди, ақ бөлем, Ақ бесікке жат, бөлем! Жылама, бөлем, жылама, Жілік шағып берейін. Байқұтанның құйрығын Жіпке тағып берейін. Әлди-әлди, аппағым, Қойдың жүні қалпағым, Жұртқа жаман болса да, Өзім сүйген аппағым!». Халқымыздың қазыналарының бірі – бесік жырын тыңдағанда әжем жарықтық еске түседі. Түннің жарымына дейін жиегі қазақтың ою-негігем кестеленген ақ бесікті тербетіп отыратын. Бәріміз сол бесікте естік, өндік. Әжемнің дауысы құлаққа жағымды еді. Бесік жырын тамылжыта шырқағанда кірпігімізді айқастырып, қалың ұйқыға кететінбіз. Иә, «Әлди-әлди, ақ бөлем, ақ бесікке жат бөлем...», – деп сөбініп өн сала тербеткен қазақ халқы бала тәрбиесін тал

«БЕСІК ЖЫРЫНАН» НЕГЕ БЕЗЕМІЗ?

бесіктен бастаған ғой. Қандай да бір өнерге жақындықтың бастауы бөбектің бесіктен өн мен жырга қанық болып, мағыналы сөздермен сусындауының әсерінен болса керек. Әртүрлі нұсқасы бар қазақ халқындағы бесік жыры мөні терең шумақ пен астарын да ізгі тілегі бар төтті сөзден тұрады. Бұл да бесік, ана жүрегіңдегі балаға деген тәніздей махаббаттың бір тамшысы.

Бесік жырының жас нәрестенің дамуына, денсаулығының шымыр болуына, ойлау жүйесінің жетілуіне орасан зор пайдасы бар екенін алғаш рет өжемнен естіген едім. Қателеспеген екен. Бұл мәліметті ғалымдар да растапты. Олар келтірген деректерге сүйенсек, бесік жыры мен клеткаларына жағымды әсер етіп, құлағына сіңген ырғақты өн арқылы сөбидің табиғатқа, туған-туысқа жақындығын қалыптастырады екен. Керемет емес пе?

Жуырда өзім қызмет атқаратын кітапхана қорына жаңа туындылар келіп түсті. Владимир Бехтерев есімді психоневрология институтының негізін қалаған академиктің туындысы көзіме оттай басылды. Бір деммен оқып шықтым. Ғалым невроз дертін болдырмау және алдын алу үшін бесік жырының пайдасы мол екендігін айтыпты. Психолог Станислав Гроф бесік жыры психологиялық аурулардың алдын алып, оны болдырмауға себін тигізетінін алға тартады.

Бесік жыры жас сәбиді ұйықтатудың амалы ғана емес, оның ер жолында ата-ананың арман-мұраты жатыр емес пе? Мәселен:

«Таңдайларын тақырдап, Шешен болар ма екенсің! ...Құрығыңды майырып, Түнде жылқы қайырып, Қызмет қылар ма екенсің?! Қолымыздан іс алып,

Бақытымызға жан балам, Бізді бағар ма екенсің?!» деп өрілетін жолдар арқылы ана баласының болашағын, ел мүддесін жырга қосқан ғой.

Психологтар нәрестенің көптеген ақпаратты есту арқылы қабылдайтынын жоққа шығармайды. Сондықтан олар 3 жасқа дейін бесік жыры бөбек құлағынан үзілмеуі керек деседі. Бір өкініштісі, қазіргі қоғамымызда шақалағын бесік жырымен тербететін әжелер, келіндер азайып барады. Шыны керек, қазақтың ұлттық мерекелеріне арналған мәдени шараларда бесік жырын жатқа айтып беретін жан таба алмай, шарқ ұра іздейтініміз жалған емес. Тіпті, кітапханаға бас сұққан әже-апапарымыз келіндерінің сөбілерін «Миллион, миллион, миллион алың роз» деген орыс өнімі ұйықтатынын қыжыла айтаң. Қазір кішіміз де, үлкеніміз де телефондар мен гаджеттерді құдайдай көріп, соған телміреміз де отырамыз. Біздің бесігіміз де, жырымыз да, ұлттық құндылығымыз да – телефон. Сөбіміз жыласа қолына телефон ұстатып уатуға асықпыз. Әншілер шырқаған бесік жырын құлақтарына тоса қоямыз. Бесік жырын туған анасынан естімеген баланың болашақта өкесі мен шешесіне, ұлтына жанажыр болатынына күменім бар.

Жуырда өлем халқының ерекшеліктері туралы мақалалар топтастырылған кітапты оқыдым. Ондағы дерекке сүйенсек, Америка Құрама Штаттарында бесік жырының бірнеше нұсқасы бар екен, соның бірі – «All the Pretty Horses» деп аталады. Қазақша аудармасы – «күндікте жүрген ананың әлді». Жалпы еркінен тыс еңбекке жегу, өз атымен атағанда – күндік екі жүз елу жылға жуық АҚШ-та әлеуметтік институт ретінде өмір сүреді. Адамдар, азап пен мұхнат кешіп, арбаға жегілген аттай қызмет етті.

Бұл бесік жырының шығу тарихы жүрегіңді сыздатады, жаныңды ауыртатады. Ананың шарасыздығын, аңсарын сезіну неткен ауыр десеңізші! Африкадан келген ана көп плантациялардың бірінде, қожайынының үйінде күндікте жүреді. Өзі жаңа босанған, аяқ-қолын бауырына алып үлгермеген жас ана қайта жұмысқа жегіледі. Оны өмірге келген нәрестесінен айырып алады, өйткені жұмыс істеуі керек. Жұмысы – қожайынының баласына қарау. Сонда әлгі жас ана қожайынының баласын тербетіп отырып, осы бесік жырын айтады екен.

Әлди, әлди, ақ бөбек, Төтті ұйқыға бат, бөбек, Оянасыз, ойнайсыз, Қара тұлпар, дұр ат та, Шұбарала, сұр ат та, Бәрі, бәрі, сіздікі, Алты ақ ат байлайсыз.

Күндіктегі жас ана осы бесік жырын ыңылдап айтқан сайын омырауын жас жуып отыратыны анық-ау. Өз баласын емес, кісінің баласын өлділеп отырғанда құлағына шырдылап жатқан шаранасының да үні келетін болар. Өрине, ана үшін баланың бөтені жоқ, алайда тоғыз ай, он күн көтеріп, қиындықпен дүниеге алып келген сабын әлділей алмау азаптың азабы болар.

Біз, Құдайға шүкір, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бөбейт заманда өмір сүріп жатырмыз. Сөбіміз көз алдымызда өсіп келеді. Неге оларға жан-жүрегімізді жарып шыққан махаббатымызды бесік жыры арқылы беруге асықпаймыз! Біз неге қағынан безген құлбаңдай төл қаланымыз бесік жырынан безбейт екен?! Ойланатын дүние.

Гүлмира ТЕМІРФАЛЫҚЫЗЫ,
Фаби Мүсірепов атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының бөлім басшысы.



| Дүйсенбі, 21 тамыз | Сейсенбі, 22 тамыз | Сәрсенбі, 23 тамыз | Бейсенбі, 24 тамыз | Жұма, 25 тамыз | Сенбі, 26 тамыз | Жексенбі, 27 тамыз |
|---|---|--|---|--|---|---|
| QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN |
| 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 03.40 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TАՆՏHՈԼPԱՆ. 10.00, 13.00, 20.00, 01.05 AՊP AՐAՏ. 10.10, 18.00 T/X «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 T/X «ЖАТ БАУЫР». 14.10, 03.40 АУЫЛДАСТАР. 14.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.10 ДАРА. 16.20, 02.55 T/X «АУЫЛ МҮҒАЛШЫ». 17.15 M/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 22.30 T/X «ҚЫЗҒАЛДАҚ МУҢЫ». 23.55 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 01.40 САНА. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 01.05 AՊP AՐAՏ. 07.00 TАՆՏHՈԼPԱՆ. 10.10, 18.00 T/X «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 T/X «ЖАТ БАУЫР». 14.10, 03.40 АУЫЛДАСТАР. 14.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.40 ПІРШЛІК. 16.15, 02.55 T/X «АУЫЛ МҮҒАЛШЫ». 17.15 M/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 22.30 T/X «ҚЫЗҒАЛДАҚ МУҢЫ». 23.55 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 01.40 САНА. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 00.35 AՊP AՐAՏ. 07.00 TАՆՏHՈԼPԱՆ. 10.10, 18.00 T/X «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 T/X «ЖАТ БАУЫР». 14.15, 03.10 АУЫЛДАСТАР. 14.50 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.40, 03.45 ТҮЛҒА. 16.15, 02.25 T/X «АУЫЛ МҮҒАЛШЫ». 17.15 M/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 22.30 T/X «ҚЫЗҒАЛДАҚ МУҢЫ». 23.25 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 01.10 САНА. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 00.35 AՊP AՐAՏ. 07.00 TАՆՏHՈԼPԱՆ. 10.10, 18.00 T/X «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 T/X «ЖАТ БАУЫР». 14.10, 03.35 АУЫЛДАСТАР. 14.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.45, 02.25 T/X «АУЫЛ МҮҒАЛШЫ». 16.45 ҚОРҒАНСЫЗ БАЛА. 17.15 M/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 22.30 T/X «ҚЫЗҒАЛДАҚ МУҢЫ». 23.25 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 01.10 САНА. 03.10 ӘЗЕКТІ. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 01.05 AՊP AՐAՏ. 07.00 TАՆՏHՈԼPԱՆ. 10.10, 18.00 T/X «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 T/X «ЖАТ БАУЫР». 14.10, 03.40 АУЫЛДАСТАР. 14.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.35 БІРЕГЕЙ. 16.15, 02.50 T/X «АУЫЛ МҮҒАЛШЫ». 17.15 M/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 22.30 T/X «ҚЫЗҒАЛДАҚ МУҢЫ». 23.25 КОНЦЕРТ. 01.40 ГАУҒАРТАС. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30 AՊP AՐAՏ. 07.05 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.40 ЗИНЬАР. 08.25, 03.55 ШАҢЫРАҚ. 08.45, 21.15 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 T/X «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 17.05 КОНЦЕРТ. 13.15 T/X «МІРЖАҚЫП ОЯН, ҚАЗАҚ». 20.00 M/Ф «БЕМБИ-2». 22.30 T/X «ҚЫЗҒАЛДАҚ МУҢЫ». 23.25 T/X «ЖАТ БАУЫР». | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30 КҮМІС КОМЕЙ. 07.20, 03.55 АУЫЛДАСТАР. 07.50 Д.Ф. 08.35 AՊCAYYՒT. 09.00, 21.10 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 T/X «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 17.05 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 20.00 «ДАРА». 22.30 T/X «ҚЫЗҒАЛДАҚ МУҢЫ». 23.25 T/X «ЖАТ БАУЫР». |

| Дүйсенбі, 21 тамыз | Сейсенбі, 22 тамыз | Сәрсенбі, 23 тамыз | Бейсенбі, 24 тамыз | Жұма, 25 тамыз | Сенбі, 26 тамыз | Жексенбі, 27 тамыз |
|--|--|---|--|---|--|--|
| ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР |
| 05.00 T/X «ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР». 08.00, 09.00 КОНЦЕРТ. 10.00 БАҚЫТҒЫҢ КІЛТІ ЕҢБЕКТЕ. 10.30 M/Ф. 12.00, 20.00 T/X «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 T/X «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00 МЕҒАХИТ. «АКТ МЕСТИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 T/X «МАХАББАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ». 23.00 T/C «РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ. | 05.00 T/X «ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 M/Ф. 12.00, 20.00 T/X «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 T/X «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00, 23.00 T/C «РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 T/X «МАХАББАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ. | 05.00 T/X «ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН. 10.30 M/Ф «ҚОШҚАР МЕН ТЕКЕ». 10.45, 11.00, 11.15, 11.25, 11.35, 11.50 M/Ф. 12.00, 20.00 T/X «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 T/X «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00, 23.00 T/C «РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 T/X «МАХАББАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ. | 05.00 T/X «ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.30 ӘРЕКЕТ. 11.00 АЛҒАШҚЫ. 12.00, 20.00 T/X «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 T/X «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00, 23.00 T/C «РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 T/X «МАХАББАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ. | 05.00 T/X «ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 МЕНІҢ ӨМІРІМ. 10.30 JUP-JUVUMEN. 12.00, 20.00 T/X «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 T/X «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00 T/C «РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 22.45 «ГНЕВ», X/Ф. 00.30 ТӨРЛЕТНІЗ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ. | 05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 МЕҒАХИТ. «ГНЕВ». 12.00 M/Ф. 13.30 STARTUP KZ. 14.00 ДҮЛДҮДЕР ДУБЫР. 14.30 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 16.00 АЛҒАШҚЫ. 17.00 T/X «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 19.00 COVERSHOW. 21.00 7 КҮН. 21.40 «ЭКЗАМЕН ДЛЯ ДВОИХ», X/Ф. 23.45 СПОРТ ӘЛЕМІ. 00.15 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ. | 05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 JUP-JUVUMEN. 09.30 КУЛЬТУРНЫҢ КОНТЕКСТ. 10.00 «ЭКЗАМЕН ДЛЯ ДВОИХ», X/Ф. 12.00 M/Ф. 13.30 БАЛАҚАЙ. 14.15 «ӘРЕКЕТ». 14.45 COVER SHOW. 16.30 T/X «ШАШУ». 17.30 T/X «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 19.30 КОНЦЕРТ. 21.00 7 КҮН. 21.40 АНАЛИСТИК ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «УЦЕЛВШАЯ». 00.15 СПОРТ ТАЙМ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ. |

| Дүйсенбі, 21 тамыз | Сейсенбі, 22 тамыз | Сәрсенбі, 23 тамыз | Бейсенбі, 24 тамыз | Жұма, 25 тамыз | Сенбі, 26 тамыз | Жексенбі, 27 тамыз |
|---|--|--|--|--|---|---|
| ЕВРАЗИЯ | ЕВРАЗИЯ | ЕВРАЗИЯ | ЕВРАЗИЯ | ЕВРАЗИЯ | ЕВРАЗИЯ | ЕВРАЗИЯ |
| 06.00 ТАМАША СІТҮ. 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 «ПРОШЛОМУ МЕНЯ НЕ СЛОМИТЬ», X/Ф. 14.10, 02.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 T/C «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА». 00.40 T/C «СЕРЕБРЯНЫЙ ВОЛК». 01.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТАМАША СІТҮ. 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 T/C «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ». 14.10, 02.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 T/C «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА». 00.40 T/C «СЕРЕБРЯНЫЙ ВОЛК». 01.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТАМАША СІТҮ. 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 T/C «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ». 14.10, 02.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 T/C «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА». 00.40 T/C «СЕРЕБРЯНЫЙ ВОЛК». 01.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТАМАША СІТҮ. 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 T/C «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ». 14.10, 02.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 T/C «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА». 00.40 T/C «СЕРЕБРЯНЫЙ ВОЛК». 01.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТАМАША СІТҮ. 07.00, 03.30 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 T/C «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ». 14.10, 02.00 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 T/C «ЖИВАЯ ВОДА». | 06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.55, 03.40 «П@УТИНА». 08.55 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.50 «КРЕСТНЫЙ», X/Ф. 14.30 QOSLIKE. 17.15 DASTARXAN. 18.30 АЙНА. 19.00 «ДОМРАБОТНИЦА», X/Ф. 21.00 «Я НИКОГДА НЕ ПЛАЧУ», X/Ф. 01.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.45 T/C «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНЩИЦА». | 06.00, 03.25 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 02.40 «П@УТИНА». 08.10 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.20 ПОЕХАЛИ! 09.15 ҚАЙМАҚ. 09.50 «КРЕСТНЫЙ», X/Ф. 14.30 T/C «Я НИКОГДА НЕ ПЛАЧУ». 18.40 ӘУТАЙ. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «СТАНЬ МОЕЙ ТЕНЬЮ», X/Ф. 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. |

Фариза поэзиясының басты ерекшелігі — ақын ой мен сезімнің қалыңға көнбей, қанатынан қан сорғалап тұрса да, биікке, зағар көкке талпынып, шарқ ұрып, азаттық атты әулие ұғымның қасиетіне табынып, әуелі сарғай, жан сырын ақ күміс теңгедей ашық шапа білудің. Күләш АХМЕТОВА.



МӘМС ХАБАРЛАЙДЫ

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ МӘРТЕБЕ МЕН ТӨЛЕМДЕРДІ ЕНДІ БАНК ҚОСЫМШАЛАРЫНДА ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

Медициналық қызметтерді тұтынушының мәртебесін тексеру қызметі (сақтандырылған/ сақтандырылмаған) енді Қазакстан Халық банкі, ЦентрКредит Банкі және Kaspi Bank мобильді қосымшаларына енгізілді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры МӘМС жүйесіндегі мәртебені тексерудің және соңғы 12 айдағы төлемдерді көрсетудің қолжетімді тәсілдерін кеңейту бойынша жұмыстар жүргізуде. Енді бұны кейбір екінші деңгейлі банктердің (ЕДБ) мобильді қосымшаларында жасауға болады.

Алдағы 12 айға жасалған төлемдер мен мәртебені Халық банкінің қосымшасы арқылы тексеруге болады. Ол үшін Halyk мобильді қосымшасын орнатып, авторизациядан өтіп, «Мемлекеттік қызметтер» бөлімін таңдап, ізінше «МӘМС» бөлімшесінде ЖСН жазу керек. Halyk арқылы медициналық ұйымға тіркелгені туралы ақпарат қолжетімді. «Мемлекеттік қызметтерге» кіріп, «Анықтамалар» бағдарламасын басқан кезде тұрғылықты мекенжайы, емхананың атауы, тіркелген күні көрсетіліп тұрады.

Алдағы 12 айға жасалған төлемдер мен мәртебені ЦентрКредит Банкінің қосымшасы арқылы да білуге болады. BCC. KZ мобильді қосымшасын орнатқаннан кейін, авторизациядан өтіп, «Мемлекеттік қызметтер» бөлімін таңдап, ізінше «МӘМС туралы ақпарат» бөлімшесінде ЖСН жазу қажет.

Сондай-ақ Kaspi.kz мобильді қосымшасын орнатып, Kaspi Bank қосымшасында сақтандырылған мәртебесін тексеруге болады. Авторизациядан өткеннен кейін «Мемлекеттік қызметтер» бөліміне кіріп, ары қарай «МӘМС мәртебесі» таңдау керек.

Соңғы 12 ай ішінде төленбеген кезеңдер болса, оларды банк қосымшаларында тәулеуге болады. Төлемдер тексерілгеннен кейін «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесі беріледі.

Естеріңізге сала кетейік, азаматтар мәртебесін келесі қосымшалар арқылы тексеру алады:

- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы;
- fms.kz ресми сайты;
- Telegram-дағы @SaqtandyruBot;
- 1414 байланыс орталығы;
- Damed mobile мобильді қосымшасы.

Сондай-ақ, Электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебені тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІН ЖЕҢІЛДЕТЕДІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ЖЕКЕ PUSH ХАБАРЛАМАЛАРЫН АЛАДЫ

Egov mobile мобильді қосымшасы қазақстандықтарға әртүрлі өмірлік жағдайларға байланысты жеке push хабарламаларын жібереді. Жаңартулар қазақстандықтарға алдағы маңызды күндер туралы еске салуға мүмкіндік береді: зейнетке шығу, ЖОО-ға түсу және бітіру, баланы мектепке қабылдау, Е-лицензиялау порталының өтінімдерін мақұлдау және компания басшысының ауысуы туралы хабарламалар.

«Біз азаматтарға қызмет көрсету жұмыстарын белсенді түрде жалғастырып жатырмыз, біз әртүрлі өмірлік жағдайларға арналған тағы жеті push хабарламаны іске қостық. Бұл мемлекеттік мекеме лерге бармай-ақ адамдарды маңызды күндер туралы алдын ала хабардар етуге және «көрінбейтін» қызметтер көрсетуге көмектеседі. Осылайша, біз қазақстандықтарды алдағы күндер туралы алдын ала біліп, ескертеміз. Уақыт өте келе мұндай қызметтердің саны артады, бұлай біз көптеген мемлекеттік қызметтерді алу процесін жеңілдетуде аламыз», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Конякин.

Жіберілген push хабарландыруларын мобильді қолданбаның «Хабарландырулар» бөлімінде көруге болады. Мобильді қосымша орнатылмаған жағдайда порталдың жеке кабинетінде eGov.kz ұялы нөмір көрсетілген болса, пайдаланушыға



қосымшаны жүктеуге сілтеме жасай отырып, 1414-тен жаңа хабарламаның келіп түскені туралы ақпарат бар SMS жіберіледі.

Айта кетейік, бұл жаңартулар Мемлекет басшысының Invisible Government тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылды. Яғни, мемлекет қазақстандықтарға қажетті мемлекеттік қызметтерді ұсынады және оларды өмірлік циклдың Барлық кезеңдерінде сүйемелдейтін болады.

ОТБАСЫ БАНКІ ХАБАРЛАЙДЫ

ОТБАСЫ БАНКІНДЕ ДЕПОЗИТТЕРДІ ТАБЫСТАУ ТЕК ТУЫСҚАНДАР АРАСЫНДА ҒАНА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

2023 жылдың 21 тамызынан бастап Отбасы банкіне («Байтерек» холдингінің еншілес ұйымы) депозитті ақылы түрде табыстау (депозитті сату) қолжетімсіз болады.

Онлайн табыстау – бұл депозиттердің онлайн дүкені сияқты. Онда клиенттердің бірі салымдарын сата алса, екіншілері жинақтау жолын жылдамдатып, заемды тезірек алу үшін Отбасы банкінен шот сатып ала алады.

Өткен жылдың алғашқы жартысында бұл мүмкіндікті 1647 адам пайдаланған. Биылғы жылдың дәл осы кезеңінде депозиттерді сатып алып, заем рәсімдеген бірегей клиенттердің саны екі есе азайып, 973 адамды құраған. Ал бірінші жартыжылдықта Отбасы банк 28 800 кредит берген.

Бұл банк клиенттері жинақтау мәдениетін ұстана отырып, болашақта тұрғын үй сатып алу үшін өздері депозит ашып, сонда қаражат жинауды жөн санайтынын көрсетеді. Тек биылғы жылдың басынан бері 273 465 қазақстандық жаңа жинақ шотын ашты.

Отбасы банкіне депозитке ақша жинап жүрген қазақстандықтар еліміздегі ең төменгі мөлшерлемемен – 2%-дан 14,4%-ға дейін (ЖТСМ 2%-дан бастап) кредит ала алады.

Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі осындай қолжетімді мөлшерлемесі бойынша несие алуға мүмкіндік береді. Оның негізгі қағидасы – жинақ пен кредит беру балансы. Яғни, клиенттердің бірі қаражат жинақтап жатқан уақытта, өзгелері заем алады. Бұл жүйенің тұрақты болуын қамтамасыз етіп, ең құнты салымшыларға төмен мөлшерлемемен кредит алуға мүмкіндік береді.

Яғни, Отбасы банк клиенттерінің көм дегенде үш жыл бойы және мақсатты түрде жинаған жинақтары төменгі мөлшерлемемен кредит алуға кепілдік береді.

Сондай-ақ қазақстандықтар депозиттеріне ай сайын жарна аудару арқылы жинақтау кезеңінде өздерінің кредитті қаншалықты өңдеу алатынына байсалды түрде баға беріп, қаржылық мүмкіндіктерін таразылай алады. Мысалы, клиенттер бірнеше жыл бойы отбасылық бюджетке ауыр салмақ түсірмей, ай сайын қанша қаржы қайтара алатынын нақты анықтайды.

Сондықтан Отбасы банк клиенттерінің дені қазірдің өзінде кредит алуға

саналы түрде келеді әрі ұзақмерзімді қарызды қайтару оларға еңсері алмайтын ауыртпалығын түсінеді. Бұған 90 күннен артық кешіктірілген кредиттер (NPL) үлесінің көрсеткіші дәлел. Қазіргі уақытта Отбасы банкінің NPL көрсеткіші – 0,08% тең. Бұл екінші деңгейлі банктердің арасындағы кешіктірілген қарыздардың ең төменгі деңгейі.

Сондай-ақ, жинақтау мәдениетін арттыру аясында биылдан бастап Отбасы банк аралық заемдар бойынша сараланған несие мөлшерлемелерін қолдана бастады. Бұрын аралық заемды баспана құнының 50 пайызын жинақтаймы, оны шотқа бірден аударып алуға болатын. Енді мұндай кредитті бағалау көрсеткіші (БК) 2,5 мәніне жеткен жағдайда ғана алуға болады.

Отбасы банкіне депозиттерді табысқандарға табыстау қызметі сақталып қалады. Оны тек банк бөлімшелерінде ғана емес, «Отбасы банк» мобильді қосымшасында онлайн режимінде де жасауға болады. Қызмет 5-10 минут уақыты алады.

Аталмыш қызметті табысқандардың келесі санаттары пайдалана алады: айып-құйеуі, ата-анасы, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, бір ата-анадан немесе әртүрлі ата-анадан туған аға-інілері мен апа-сіңілері, атасы, әжесі, немерелері, ата-анасының бір ата-анадан немесе әртүрлі ата-анадан туған аға-інілері мен апа-сіңілері, немере ағалары және ата-әжелері, немере ағалар, апалар мен нағашылар, немере ағалар және жиендер. Бұл ретте, «Отбасы банк» мобильді қосымшасында онлайн режимінде депозитті тек тікелей табыстауға – жұбайы, ата-анасы, балалары, асырап алушылары (асырап алынғандар), туған аға-інілері мен апа-сіңілері арасында ғана табыстауға болады.

Бір жақсысы, банк бөлімшелерінде туыстық қатынасы жоқ, бірақ ортақ туыстары бар адамдар арасында депозиттерді табыстауға болады. Мысалы, салымшы бір мәміле аясында жарының ағасына өз депозитін табыстай алады. Ол үшін неке (ерлі-зайыптылық туралы күшілі) және туыстық қатынасты растайтын құжаттар (туу туралы куәліктер, төгі мен әкесінің атының толық сәйкес келуі кезінде тегінің өзгергенін растайтын құжат – операция жеке басын куәландыратын құжат негізінде жасалады) қажет. Бұл қызмет аралық буын арқылы табыстау деп аталады.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

МОБИЛЬДІ АУДАРЫММЕН ТӨЛЕМ ЖАСАУҒА БОЛМАЙДЫ

Қазір көптеген сауда орнында мобильді аударым арқылы төлем жасау кеңінен таралып тұр. Жеке кәсіпкерлік нысандар да ұсынылған қызметтер мен тауарлар ақысын осы мобильді аударым арқылы алуы жөн көреді. Ендігі ретте төлемді мұндай жолмен жасау – заңға қайшы.



Қаржы министрлігінің хабарлауынша, кейбір кәсіпкерлердің банктерде аударым жеке шоттарына төлемді мобильді аударым арқылы алуы салдарынан бақылау-қасса машиналары (БКМ) мен POS-терминалдар қолданылмайды, тиісінше чек те берілмейді. Бұл – ескерту түріндегі өкімшілік жауапкершілік көзделген заң бұзушылық. Қайталама заң бұзушылық кезінде салық төлеушінің субъектілігіне байланысты салынатын айыппұл 15-тен 50 АЕК-ке дейін барады.

«ҚР Конституциясына сәйкес салық төлеу – әркімнің міндеті. Салық органдары заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығару мақсатында тиісті бақылау жүргізеді. 2024 жылдан бастап банк ұйымдары жеке кәсіпкерлердің мобильді аударымдары

бойынша деректерді береді. Күнтізбелік үш ай қатарынан ай сайын 100 түрлі түлғадан мобильді аударымдар алған азаматтар бақылауға алынады», деп мәлімдеді Қаржы министрлігі.

Бақылау-қасса машиналарын қолдануды жеңілдету үшін 2022 жылдан бастап БКМ функцияларын екінші деңгейдегі банктердің POS-терминалдарымен біріктіру бойынша қанатқаты жоба жүргізіліп жатыр. Бұл БКМ мен POS-терминалдың бір чегін беруге мүмкіндік береді. Аталған жобаға қатысып жатқан банктер – «Каспий банк» АҚ, «Халық банк» АҚ және «Банк ЦентрКредит» АҚ. Сонымен қатар БКМ чектерін бермеу фактілерін анықтау бойынша «Азаматтық бақылау – Чекті талап ет» акциясы да қолға алынды. Анықталған бұзушылықтар туралы «Wipro cashback» тегін мобильді қосымшасы арқылы хабарлауға болады.

Министрліктің мәлімдеуінше, жоғары аталған өзгерістер адал салық төлеушілерге әсер етпейді және тек заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығаруға бағытталған. Яғни жеке түлғалар, бұрынғыдай, өздерінің жеке мақсаттары үшін туыстарына, достарына, ата-аналары мен балаларына және басқа да өмірлік жағдайларға арналған аударымдарды жасай алады және қабылдай алады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЛЕБЯЖЬЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ЛЕБЯЖЬЕ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35 бабы 2 тармағына, 39-3 бабының 7.8 тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкімі 2023 жылғы 18 қыркүйекте сағат 11.00-де Лебяжье негізгі мектебінің акт залында жергілікті қоғамдастық жиыны өткізілетін болады, күн тәртібімен:

1. Лебяжье ауылындағы атаусыз көшелерге атау беру туралы.

| | | | | |
|---|--|---|---|--|
| <p>Директор - бас редактор Исмаилов ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мәтінгі нөсі: «Газета «Весты» ЖІНС</p> | <p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев көшесі, Батыр Баев көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49.</p> <p>Басылым нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p> | <p>Газет анатасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p> | <p>«Magjan Juldizy» газеті редакцияда теріліп жетпеді. «Серниый Казахстан» баспаханасында басылды. (Петровский к., Коммуков к-сі, 5 үй). Тарауымы - 665</p> | <p>Газет аудан өкілшінің, аудандық мемлекеттік тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатын жүргізудегі ресми баспа болып табылады.</p> |
|---|--|---|---|--|

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г күәлігін алған. Жарнамаңың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының шікірлері редакция қозқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәніне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.